

3. Кыргыз тилинин компьютердик лингвистикасынын негиздери. – Түз.: Садыков Т., Жумалиева Г.Э., Түмөнбаева М.Ж., Шаршембаев Б. – Б.: Имак Офсет, 2015. - 400 б.
4. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: 1990.
5. Сарымсакова А.Ж., Айдарова Л.А., Шаршенбек кызы Назира. Компьютерные технологии в преподавании иностранных языков. Вестник Кыргызстана. -Бишкек, №1, 2019.

References:

1. Andrianov S. N. Some questions of constructing dictionaries of special terminology // Translator's notebooks. - Issue 2. - Moscow: International relations, 1964. - Pp. 78-91
2. kungurova O. G. Terminological lexicon and media // Philological Sciences-2012. [Electronic resource]. Url: http://www.rusnauka.com/30_NNM_2012/Philologia/7_119569.doc.htm(accessed: 09.12.2013).
3. Кыргыз тилинин компьютердик лингвистикасынyn negizderi. - ACE.: Sadykov T., Zhumalievа G. E., Tumonbaeva M. Zh., Sharshembayev B.-B.: Imak Offset, 2015. - 400 b.
4. Linguistic encyclopedic dictionary. - M.: 1990.
5. sarymsakova A. Zh., aidarova L. A., Sharshenbek kyzy Nazira. Computer technologies in teaching foreign languages. Bulletin Of Kyrgyzstan. - Bishkek, No. 1, 2019.

Рецензент: к. филол.н., доцент Жапаров Н

УДК 37.0 91.3

DOI 10.33514/BK-1694-7711-2019-2-29-34

Темірбекова Г. Қ., Ақылбаева Г.И., Тураева А.Т.

Филология ғылымдарының кандидаттары, Silkway Халықаралық университеті, Қазақстан

Темирбекова Г.К., Акилбаева Г.И., Тураева А.Т.

к.ф.н., Международный университет Silkway, Казакстан

Temirbekova G. K., Akilbaeva G.I., Turaeva A.T.
candidate of philology, Silkway international University, Kazakhstan

СӨЗ-СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ӨЗІНЕ ТӘН БЕЛГІЛЕРІ МЕН
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОСОБЕННОСТИ И ХАРАКТЕРНЫЕ ПРИЗНАКИ СЛОВА-
ПРЕДЛОЖЕНИЯ

FEATURES AND CHARACTERISTICS OF THE WORD-SENTENCE

Аннотация: Мақалада синтаксисте жай сөйлем түрі ретінде танылып жүрген сөз-сөйлемнің өзіне тән ерекшеліктері жайында ғалымдар пікірі сараланып, сөз-сөйлемнің синтаксистік белгілері нақтыланды. Сөз-сөйлем де қашаннан тілімізде қатынас құралы ретінде қолданылып келгенмен, арнайы зерттелмеген. Қазірге кезде қазақ тіл білімінде өзіндік ерекшелігі бар сөйлем түрі ретінде зерттеу нысанына айналып, бірсыпыра ғалымдар бұл сөйлем жөнінде пікір білдірген. сөз-сөйлемнің белгілі бір сөздер тобынан, нақтырақ айтқанда, одағайлар, шылаулар, модаль сөздер тәрізді көмекшілерден және өзінің негізгі мағынасынан алшақтаған басқа сөз таптарынан жасалатынын көрсетті.

Аннотация: В статье проанализировано мнение ученых о специфических особенностях слова-предложения, которые в синтаксисе воспринимаются как тип простого предложения, уточнены синтаксические признаки словосочетания. Но, несмотря на то, что слово употреблялось в речи как средство общения, не изучалось. В настоящее время в казахском языкознании, как своеобразный вид предложения, став объектом исследования, некоторые ученые высказывали свое мнение об этом предложении. Слово-предложение образовано из определенной группы слов, а именно от помощников, таких как союзники, шумы, модальные слова и других частей слов, отступающих от своего основного смысла.

Annotation: The article analyzes the opinion of scientists about the specific features of the word-sentence, which are perceived in the syntax as a type of simple sentence, and clarifies the syntactic features of the phrase. But, despite the fact that the word was used in speech as a means of communication, it was not studied. At the present time in the Kazakh linguistics, as a kind of offering, becoming the object of research, some scholars have expressed their opinion on this proposal. The word-sentence is formed from a specific group of words, namely from helpers such as allies, noises, modal words, and other parts of words that deviate from their main meaning.

Түйін сөздер: қазақ тіл білімі, зерттеу нысаны, сөз-сөйлем, диалог.

Ключевые слова: казахский языкознание, объект исследования, слово-предложение, диалог

Keyword: Kazakh linguistics, object of research, word-sentence, dialogue

Сөйлем - белгілі бір тілдегі грамматикалық заңдылықтар бойынша ұйымдасқан, ойды жеткізудің, хабарлаудың басты құралы болып табылатын біртұтас тілдік бірлік. Сөйлем біршама тиянақты ойды, предикаттық қатынасты білдіретіндігі, өзіне тән интонациясының болатындығы, жеке сөз, сөз тіркестерінен құралатындығы сияқты негізгі белгілерімен сипатталады. Осы сипаттарына қарай сөйлем көп қырлы категория ретінде танылады, зерттеледі. Жалпы тіл білімінде сөйлем синтаксисіне қатысты зерттеулерді сипатына қарай үш топқа белуге болады. Олар:

1. Сөйлемнің тұлғалық (формалық) жағынан ұйымдасуы немесе предикативті түзіліс (конструкция) ыңғайындағы құрылымы. Бұл формалдық немесе структуралық құрылым деп те аталады.
2. Сөйлемнің мазмұндық жағынан ұйымдасуы, яғни белгілі бір объективті шындықты білдіру ыңғайындағы құрылымы. Бұл семантикалық немесе мағыналық құрылым деп аталады.
3. Сөйлемнің хабар білдіру ыңғайындағы құрылымы, яғни сөйлем арқылы берілген хабардың белгілі бір қарым-қатынастық мақсатқа лайық құрылуы. Бұл коммуникативтік құрылым деп аталады.

Сөйлем құрылымдық сипаты басқа синтаксистік құрылымдардан, мәселен, сөз тіркестерінен өзгеше болады. Сөйлемнің құрылымдық сипаты оның (сөйлемнің) дербес бірлік, сөйлеудің бөлшегі ретінде қызмет атқаруына мүмкіндік береді. Жалпы сөйлемнің сыртқы (формалық) құрылымы мен ішкі (мазмұндық) құрылымы бір-бірімен тығыз байланыста қаралады.

Сөз-сөйлемдер мүшеленбейді, мағынасы, айтылу мақсаты лексика-морфологиялық құрамы, интонациялық т.б. белгілері бойынша басқа сөйлемнің түрлерінен ерекшеленеді.

Сөз сөйлемдерлегі сөйлеушінің шындықпен қарым-қатынастағы ойына бірде растап, құптағандық, бірде жоққа шығарып, таңданғандық, бірде шексіз қуанған т.с.с. тән мағыналық реңктерді тиесілі интонацияның жетегінде көрсетеді.

Қазақ тілінде кейінгі кезге дейін «сөз-сөйлем» арнайы зерттеу объектісі болмаса да, ол жөнінде бірлі-жарым зерттеулер түркітануда болды. Түркологиялық еңбектерде сөйлем, оны топтастыру мәселесіне А. Казембек, Н.А. Баскаков, И.А. Батманов А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, М.З. Закиев т.б. ғалымдар елеулі үлес қосты. Дегенмен, осы түркологтардың ешқайсысы сөз-сөйлем мәселесімен айналыспағаны белгілі. «Сөз-сөйлем» түркологияда тек

кейінгі кезде зерттеле бастады. Түркітануда бұл мәселеге екі жақты көзқарас бар. Кейбір тілде «сөз-сөйлем» деп аталса, И.Х. Ахматов «мүшеленбейтін сөйлемдер» деген терминді қолданады [1.77].

Мысалы, қарақалпақ тілі синтаксисінің осы тақырыпқа қатысты бөлімін жазған М. Дәулетов бір құрамды сөйлемдер тарауында «сөз-сөйлемді» «**сөз-гәплер**» деп атаса [2.61], өзбек тілі маманы Э. Шадманов өзінің зерттеу еңбегін «**Сөз-гаплар**» деп атаған [3.12]. Ал қазақ тілі синтаксисінің маманы Ж. Садуақасұлы, өзбек тілі маманы Н. Расулов бір құрамды жай сөйлемнің ішінен «сөз-сөйлемді» бөлек сөйлемдер ретінде ажыратып айтып өткен.

Тіл тарихында қазақ тілі синтаксисінің зерттелгеніне бір ғасырдан астам уақыт болды. XIX ғасырда орыс ғалымдары қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жасауға атсалысты. Олар И.И. Ильминский, В.В. Катаринский, Н. Сазонтов, Г. Архангельскийлер болды. Ал атақты түрколог Н.М. Мелиоранскийдің 1894, 1897 жылдары жазған «Краткая грамматика казак-киргизского языка» атты екі томдық еңбегінің II томы – қазақ тілінің тұңғыш ғылыми синтаксисі. Бірақ мұнда «сөз-сөйлем» жөнінде ауызға алынбайды.

Кеңестік дәуірде қазақ тіл білімі түркология ғылымының құрамында зерттелді. Қазақ тілінің синтаксис саласында сөйлем мәселесін көтерген ғалымдар А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, Х. Басымов, Ә.Хасенов, Қ. Есенов, Б. Жақыпов, Ә. Ермеков, оның ішінде жай сөйлем синтаксисі бойынша С.Жиенбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, О.Төлегенов, Ғ.Мадина, Ә.Нұрмаханова, Р.Әмір, Ж.Садуақасұлын айтуға болады. Осы ғалымдардың сөйлем синтаксисін зерттеу барысында сөйлем турасында айтқан тұжырымдарынан қазір кезде жай сөйлемнің бір түрі ретінде танылып жүрген сөз-сөйлемнің қазақ тіл білімінде қашан атала бастағанын білуге болады.

Сөз-сөйлем термині алғаш рет 1967 жылы шыққан «Қазақ тілі ғылыми грамматикасында» айтылды. Морфология бөлімінде одағай туралы айтылған. Онда былай дейді: «Одағайлар өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды. Олар жеке-дара тұрғанда сөз-сөйлем (слова-предложения) құрып, жеке сөйлемнің баламасы ретінде жұмсалады» [4.115].

Мысалы:

– Асан.

– Әу.

Осы Әу одағайы сөз-сөйлем құрап тұр.

Түркі, орыс тілдерінде 1954 жылдан бері арнайы қаралып келе жатқан сөз-сөйлем мәселесі қазақ тіл білімінде 90-жылдарға дейін бір-екі ғалым еңбектерінде термин ретінде атап қана айтылғаны болмаса, арнайы мәселе болып көтерілген жоқ.

Негізінен, сөз-сөйлем диалогта қолдануымен ерекшеленеді, одағай, модаль сөздер және кейбір сөз таптарынан жасалады. Олардың өзі көп жағдайда көмекші сөздер қалпында келеді. Олай болса, олар сөйлемнің ішінде келуі арқылы сөйлемге әр түрлі реңк береді. Осы кезге дейін орыс тілі, түркі тілдерінде сөз-сөйлемнің көбіне сөйлемнің ішінде қолданылуына қарай жігі ашылмады. Сөз-сөйлемнің одағай және басқа да сөз таптары арқылы тек диалогта қолданылуы оның қыр-сырын аша бастады.

Сонымен, сөз-сөйлем болатын сөз таптарының қолданыстағы бір басты көрінісі диалог болды. Олай болса, әдетте сөйлемдегі негізгі мәнге ие болмайтын одағай, модаль сөз, шылаулардың диалогта қолданылуы олардың мағыналық ерекшелігін арттыра түсті. Өйткені, әдетте, ескеріле бермейтін бұл сөздер диалог арқылы морфологиялық құрамынан гөрі олардың синтаксистегі сөйлемдік жағы едәуір ерекшелене түседі. Сондықтан одағай, модаль сөздер тек диалогқа түскенде ғана сөйлемдік мәнге ие болды. Соның негізінде сөйлемнің жаңа түрі қалыптасты. Сонымен сөз-сөйлем – сөйлемнің жаңа түрі. Бұл сөйлемнің жаңа түрі болуына сәйкес оларды нақты түсінуде де әр түрлі пікірлер орын алған.

Сөз-сөйлемнің грамматикалық ерекшелігі мынадай:

- бір сөзден ғана құралады;
- негізінен диалогта қана кездеседі;
- олар морфологиялық өзгеріске ұшырамайды;
- сөйлем мүшесінің бірі болмайды;
- сөз тіркесінің бір сыңары да болмайды;
- сөз-сөйлем көмекші сөз таптарынан жасалады;
- олар құрамы жағынан дара, кейде қабат келуі арқылы да жасалады;
- олардың өзіндік тыныс белгілері бар;
- олар айтылу интонациясымен ерекшеленеді;
- олар құрмалас сөйлемнің бір сыңарын құрайды.

Сонымен, жалпы тіл біліміндегі сөйлем синтаксисін зерттеуде қол жеткен табыстардың бірі – «сөз-сөйлем» аталатын сөйлем түрінің анықталуы. Алғаш орыс тілші-ғалымдары арқылы термин ретінде қалыптасқан бұл сөз бұрынғы жалпылық мәнінен қазіргі жалқылық мәнге ауысып, бұрын көмекші сөздер қатарында ғана қаралып келген сөздердің сөйлесім барысында ойды білдіру дәрежесінде қолданылатын сөз-сөйлемдердің атауына айналды. Қазіргі кезде сөйлемнің бұл түрі орыс тілінде ғана емес, түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де арнайы зерттеу нысанына айнала бастады. Өйткені оны басқа сөйлем түрлерінен ажырататын өзіндік белгілері, ерекшеліктері бар.

Қысқасы, жоғарыдағы ғалымдардың сөз сөйлем жайлы пікірлерін жинақтай келе, төмендегідей тұжырым жасаймыз:

Сөз-сөйлемдер дегеніміз синтаксистік бөлшектенбейтін, түсіндіруге келмейтін, бір сөзден тұратын, мүшеленбейтін сөйлемдер тіркесін айтамыз. Немесе оларды мүшеленбейтін сөйлемдер деп те айтады. Адамның көңіл-күйінің көрінісін бір ғана сөзден құралып, тиянақты ойды білдіретін, интонация арқылы ерекше екпінмен айтылатын, өзіндік тыныс белгісі бар, тиянақты мағынаны білдіретін сөйлемнің алғашқы түрі – сөз-сөйлем.

Сөз-сөйлем – ықшам сөзді сөйлем, негізінен диалогты сәтте мол кездеседі. Себебі, екі адамның сөйлесуінде уақыт тығыз, айтылар сөз де ықшам.

Сөз-сөйлем – эмоциялық көріністі білдіретін сөйлем.

Сөз-сөйлем мәтін ішіндегі нақты бір ойды шұбалаңдамай, тәптіштемей, тайға таңба басқандай бір сөзбен ғана жеткізетін сөйлем.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахматов И.Х. О безличных предложениях в тюрских языках. Синтаксис простого предложения. – «Исследование по карачаево-балкарскому языку», вып. I – Нальчик, 1977.
2. Хазиргин қарақалпақ тили, Синтаксис / Авторлар ұжымы әзірлеген. “Сөз-гаплар” бөлімін жазған М. Даулетов. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1986. – 284 б.
3. Шадманов Э. Слово-предложение в современном узбекском языке: Автореф. дис. филол. канд. наук. – Ташкент, 1970. – 26 с.
4. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. – I бөлім. – 263 б.
5. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А., 1998. – 304 б.
6. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов.-Москва, 1966.

References:

1. Akhmatov I. H. on impersonal sentences in the Turkic languages. Syntax of a simple sentence. - "Research on the Karachay-Balkar language", vol.I-Nalchik, 1977.
2. Hazirgin Karakalpak tili, Syntax / developed by a team of authors. Wrote the section "word-haplar" by M. Dauletov. - Nukus: Karakalpakstan, 1986. – 284 b.
3. Shadmanov E. Word-a sentence in the modern Uzbek language: author. dis. Philol. Cand. sciences'. - Tashkent, 1970. – 26 p.
4. Grammar of the Kazakh language. - Almaty: Nauka, 1967. - Section I. – 263 b..
5. Kaidar Al.T. Kazak tln sect of. A., 1998. - 304 b.
6. Akhmanova O. S. Dictionary of linguistic terms.- Moscow, 1966.

Рецензент: ф.ғ.к., доцент Көпбосынов М.А.